

ТАҚЫРЫП: Нұсқаушы жол белгілері

1. Сабақтың мақсаты: Білімгерлерге нұсқаушы жол белгілері туралы мәліметтер беру.

2. Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі:

Взвод командирі білімгерлерді сапқа тұрғызады, оқытушыға рапорт береді, амандасу, түгендеу, білімгерлердің сырт көрінісін тексеру.

ә) Өтілген тақырыпты сұрау кезеңі:

- Бағдаршамның түрлерін санамапап айтыңдар .
- Жаяу жүргіншілер жол қозғалысын реттеушінің қандай сигналдары кезінде жолдан өте алады ?
- Қызғылт сары түсті жарқылдақ маякшалар қозалысқа қандай да бір басымдық бере ме ?
- Авариялық тоқтау белгісін қандай жағдайда пайдалану керек ?


б) Негізгі бөлім:


Жол белгілері – дүниежүзінде қозғалысты ұйымдастырудың неғұрлым қолайлы және ең кең тараған тәсілі. Олар жүргізушіге және басқа да жол қозғалысына қатысушыларға мән - жайды түсіндіруге көмектеседі.

Жол белгілері: жүргізушілерді жолда орын алған қауіптер туралы ескерту; жолдардың (көшелердің) жекелеген учаскелерінде барлық немесе кейбір көлік құралдарының қозғалысына тыйым салу; қозғалыста бірқатар шектеулер енгізу немесе ағындар бағытын көрсету; жолдағы мән - жайдың ерекшеліктері мен жолдарды (көшелерді) пайдаланудың қолайлылығын арттыратын мәліметтерді хабарлау қызметтерін атқарады. Сонымен қатар қосымша ақпарат құралдары да (тақтайшалар) көзделген.

Әрбір жол белгісінің екі саннан тұратын нөмірленуі (индексі) болады. Бірінші сан тобы, екінші сан топ ішіндегі реттік нөмірді көрсетеді. Жүргізушілерге оңай болу үшін белгілер жеті топқа бөлінген: 1) ескерту; 2) басымдық; 3) тыйым салу; 4) нұсқаушы; 5) ақпараттық - көрсеткіш; 6) қызмет көрсету; 7) қосымша ақпарат (тақтайшалар).

Нұсқаушы белгілер.

Нұсқаушы белгілердің фоны – көгілдір, пішіні дөңгелек болады. Олар көлік құралдарының жүру бағытын, олардың белгілі бір жылдамдықпен қозғалысын, көлік құралдарының белгілі бір түрінің жүруіне рұқсат етуді немесе жаяу жүргіншілер жүруіне арналған жерді көрсетуге арналған. Нұсқаушы белгілер оларға бұл белгілердің талаптары қолданылатын учаскелер немесе жерлердің тікелей алдында, немесе оларға дейін  «Нысанаға дейінгі қашықтық» тақтайшасында көрсетілген арақашықтықта орнатылады.



Бұл топқа жататын белгілер:



Тура жүру



Оңға қарай
жүру



Солға қарай
жүру



Тура немесе
оңға қарай
жүру



Тура немесе
солға қарай
жүру



Оңға немесе солға қарай жүру



Кедергіні оң жағынан айналып өту



Кедергіні сол жағынан айналып өту



Кедергіні оң жағынан немесе сол жағынан айналып өту



Шеңберлік жүріс



Жеңіл автокөліктердің жүруі



Велосипед жолы



Жаяу жүргіншілер жолы



Ең төменгі жылдамдықты шектеу



Ең төменгі жылдамдықты шектеу аймағының аяқталуы




Қауіпті жүктері бар көлік құралдары қозғалысының бағыты

Ақпараттық-көрсеткіш белгілері. Бұл белгілердің пішіні тікбұрышты болып келеді, белгілерді қоспағанда, көбінесе көгілдір фонда болады. Олар қозғалыстың барлық қатысушысын жолдағы мән – жайдың қауіптілігін хабардар етуге арналған.

Белгілердің бұл тобын шартты түрде екі қосымша топқа: ерекше нұсқаушы және тікелей ақпараттық белгілерге бөлуге болады.

Ерекше нұсқаушы белгілер қозғалыстың белгілі бір режимдерін енгізеді немесе жояды.



Бұл қосымша топқа мынадай белгілерді жатқызуға болады:






Біржақты жүру жолы



Біржақты жүру жолының аяқталуы



Біржақты жүру жолына шығу



Жолақтар бойынша жүру бағыттары



Жолақтар бойынша жүру бағыттары




Жолақтың басталуы




Жолақтың аяқталуы




Жолақтар бойынша жүру бағыттары



Маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы бар жол



Маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы бар жолдың аяқталуы



Автобус немесе троллейбус тоқтайтын жер



Автобус және (немесе) троллейбус аялдамасының орны



Трамвай аялдамасының орны



Жеңіл такси тұрағының орны



Тұрақ орны



Жаяу жүргінші өткелі



Реверсивті жүру



Реверсивті жүрудің аяқталуы



Реверсивті жүру жолына шығу




Тұрғын аймақ



Тұрғын аймақтың аяқталуы

Ақпараттық белгілер елді мекендер мен басқа да объектілердің орналасуы, сондай-ақ жүрудың белгіленген немесе ұсынылатын режимдері туралы ақпарат береді.



Бұл қосымша топқа мынадай белгілерді жатқызуға болады:



Айналып бұрылуға арналған жер

Айналып бұрылуға арналған аймақ

Ұсынылатын жылдамдық


Жерасты жаяу жүргінші өткелі



Жерүсті жаю жүргінші өткелі



Тұйық көше



Жүру сызбасы



Бағыт көрсеткіші



Бағыттардың алдын ала көрсеткіштері

↑	ШЕЛЕК	120
←	ӘУЕЖАЙ АЭРОПОРТ	10
	"АЛАТАУ" қонақүйі Гостиница "АЛАТАУ"	8 →

Алматы 698 →

Бағыттардың көрсеткіші

АЛМАТЫ

НҰР-СҰЛТАН

Елді мекеннің басталуы

~~АЛМАТЫ~~

АҚСУ бөгеті

~~ҚАРАҒАНДЫ~~

ІЛЕ өз.

Елді мекеннің аяқталуы

Объектінің атауы

АҚСҮЙЕК АКСҮЕК	218
БАЛҚАШ БАЛХАШ	556
ҚАРАҒАНДЫ КАРАГАНДЫ	620

Арақашықтықтардың көрсеткіші

1205

Километрлік белгі

65	E 147	6	↗
←	578	↑	92

Маршрут нөмірі

↑	🚚
🚚	→
←	🚚

Жүк автокөліктеріне арналған жүру бағыты



Айналып өту сызбасы

↑	айналып өту
→	айналып өту
←	айналып өту

Айналып өту бағыты




Қызмет көрсету белгілері.

Қызмет көрсету белгілері жүру жолындағы белгілі бір нысандардың орналасуы туралы ақпарат береді. Олар тікелей осы объектілердің жанында немесе оларға бұрылатын жерлерде орнатылады. Сонымен қатар қызмет көрсету белгілері алдын ала орнатылуы мүмкін.



Неғұрлым жиі кездесетін қызмет көрсету белгілері:






Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар).

Қосымша ақпарат белгілеріне фонты ақ тақтайшалар жатқызылады (қауіпті жүк санаты тақтайшасынан басқасы). Оларды белгілі бір жол белгілерімен бірге маңызын нақтылау, шектеу немесе күшейту үшін қолданады.




Тақтайшалар тікелей өздеріне қатысты қолданылатын белгінің астына орналастырылады.  «Қолданылу аймағы» және  «Негізгі жолдың бағыты» белгілері (тақтайшалары) жүру бөлігінің, жиектің немесе тротуардың үстінде орналасқанда белгінің бүйіріне орналастырылады.

Уақытша жол белгілерінің (тасымал бағандағы) және стационарлық белгілердің мәндері бір біріне қайшы болған жағдайда жүргізушілер уақытша белгілерді басшылыққа алуы тиіс.



в) Қорытынды бөлім:

Сұрақтар:

1.  белгісінің қолданылу аймағында жүк автокөлігінің жүгуіне рұқсат етіле ме?
2. «Тура жүру» белгісінің  қолданылуы қандай көлік кералдарына катысты?
3. «Айналып бұрылуға арналған жер» белгісі  қолданылатын аймақта сол жаққа бұрылуға рұқсат етіле ме?

Тапсырмалар:

1. Өз колледждеріңнің айналасында ескерту және тыйым салатын белгілердің жеткілікті жеткіліксіз екендігін бағалап, тұжырым жасаңдар.
2. Жолға жақын жерде емдеу мекемесі бар екендігі туралы ақпарат беретін жол белгісін атаңдар.
3. Міндетті белгілерді пайдаланудан мысалдар келтіріңдер.
4. Уақытша жол белгісінің қолданылуына иллюстрация жасалдар.